

# АРМАН

(Алыстағы арман)

Кәлек Құмақайұлы

Сыбызғышы, сазгер Кәлек Құмақайұлы «Арман» күйінің шығуы жайында былай дейді: «Бұл өзімнің шығарған «Алыстағы арман» деген күйім. Мен алғашында сыбызғы үйренуді армандаған едім, сыбызғыны үйрендім. Содан соң шіркін-ай, әкем сияқты үлкен сыбызғышы болып күйлерімді халық алдына шығып тартсам деп армандадым. Ол арманымда орындалды. Өттен, енді театр, концерт сахналарында сыбызғы тартып, өнерімді көпшілік көрермендер тамашаласа деп армандадым. Оным да орындалды. Алыстағы армандарыма жетсем деген үмітпен кезінде бұл күйімді «Алыстағы арман» деп атаған едім. Армандарым орындалды, қазір бұл күйді «Арман» деп тартып жүрмін.

Орташа, әндете.





## ЖАРАЛЫ АҚ БӨКЕН

Халық күйі

Құралайды көзге атқан мерген жігіт бірде аң аулауға шығыпты. Кезіккен аңды құтқармайтын сұр мерген жайылып жүрген ақ бөкенге тап болады. «Қанжығам майланатын болды» деп қуанған жігіт ақ бөкенді нысанаға алып атып қалады. Мергеннің «жықтым-ау» деп атқан бөкені ақсаңдай қашып, белестерден асып құтылып кетіпті. Жігіт оғының қалт кетуін «бөкеннің киесінен болды» деп, осы бір оқиғаны күй етіп тартқан екен.

